

ТҰҢҒЫШТЫҢ ТҰСАУЫ КЕСІЛДІ



Ащы болса да, шындық осы. Бородулиха ауданының орталығында бүгінге дейін бірде-бір қазақ мектебі болмапты. Бірінші қыркүйекте аудан әкімі Болат Сапоров мырза тұңғыш қазақ мектебінің тұсауын кесті. Аудан әкімінің мектепті пайдалануға берудегі еңбегі ересен. Оны көпшіліктің аузынан естідік. Жаңа қоныс тойы байғазысыз болған ба? Аудан әкімі Болат ағамыз мектепке 6 компьютер сыйлап, қарадомалақ балаларды қуанышқа кенелткен. Компьютер сыныбында отырған бүлдіршіндер қазірдің өзінде техника тілін шебер меңгеріп алған.

- Аудан бойынша 42 мектеп бар. Басқа ауылдарда екі қазақ мектебі ашылды. Демек, барлығы үш қазақ мектебі бар. Қазір мектепте 23 бала оқып жатыр. Ана тілге шөліркеп қалған халық балаларын әлі күнге

ерекше, шәкірттеріне саналы тәрбие, сапалы білім беруде.

Сайболат Әсемгүл Байтұяққызы - төртінші сыныптың мұғалімі. Әсемгүлдің тағы бір өнері бізді разы етті. Қуыршақ театрының өнерін тамашаладық. Балалар мен ұстазы "Қаңбақ шалды", тілті, көрші мектептерге апарып қоя бастапты. Домбыра үйірмесін Самал Арапқызы басқарады. Бірінші сыныптың ұстазы Фалия Демесіноваға ұстаздар қауымы ризашылығын білдірді.

Тұңғыштың қадамы қуантады! Қанатың талмасын, білім ұясы!

СУРЕТТЕРДЕ: Әсемгүл БАЙТҰЯҚҚЫЗЫ қуыршақ театрына жетекшілік жасайды; бірінші сыныптың ұстазы Фалия ДЕМЕСІНОВА шәкірттерімен.

мектепке жетелеп әкеліп жатыр. Аманшылық болса келер жылы балалардың саны 200-ден асып кететін түрі бар, - дейді мектеп директоры Ақмарал Тыныштыққызы Нүкішева.

Жаңа мектеп іші сыңғырап тұр. Мұндағы әлі сырдың иісі кетпеген парталарды Семейдегі № 35-ші еңбекпен түзеу колониясында жасапты. Сапалы қуантады. Мектепте 23 ұстаз сабақ беруде. Талдықорған, Семей мен Өскеменнен келген жас ұстаздардың құлшынысы